

Ақша нарығының индикаторлары бойынша жұмыс тобының (MMWG)

2-ші отырысының хаттамасы

2018 жылғы 5 қазан, Алматы қ.

2018 жылғы 5 қазанда Алматы қаласында Еуропа қайта құру және даму банкі (бұдан әрі – ЕҚДБ), Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – ҚРҰБ), екінші деңгейдегі банктер және «Қазақстан қор биржасы» АҚ (бұдан әрі – ҚҚБ) өкілдерінің қатысуымен Ақша нарығының индикаторлары бойынша жұмыс тобының (бұдан әрі – Жұмыс тобы) 2-ші отырысы болып өтті.

Отырыс жұмыс тобының Қазақстанның біркүндік тәуекелсіз бенчмарктерінің ықтимал нұсқаларын қарастыру жөніндегі өткен Отырысының нәтижелерін талқылауға бағдарланған іскерлік атмосферада өтті.

Күн тәртібіне сәйкес Отырыс барысында мынадай мәселелер талқыланды:

I. Жұмыс тобының 1-ші отырысының қорытындысы бойынша тәуекелсіз мөлшерлемелер түрлері бойынша нәтижелер мен уағдаластықтар.

1. Отырысқа қатысушылар екінші деңгейдегі банктердің отырыс басталмас бұрын берілген жауаптарына негізделген, Қазақстандағы ақша нарығы индекстеріне жасалған талдау нәтижелерін талқылады. Атап айтқанда, индекстің әрбір түрінің артықшылықтары мен кемшіліктері қарастырылды.

2. ҚРҰБ өкілдері екінші деңгейдегі банктер өкілдерінің қаражатты қосымша орналастыру қажеттілігіне байланысты ҚҚБ-да сауда-саттық аяқталғаннан кейін ҚРҰБ-мен тікелей қосымша терезе ашуға қатысты ұсынысын назарға алды. Қазіргі кезде бұл ұсыныс қарастырылуда.

3. ҚРҰБ өкілдері екінші деңгейдегі банктерге біркүндік своптар қол жетімсіз болған жағдайда ҚҚБ-дағы екікүндік своптарға ҚРҰБ-ның қатысу мүмкіндігі қарастырылып жатқанын хабарлады.

4. ҚРҰБ өкілдері Отырысқа қатысушыларды есеп айырысу жүйесіндегі мынадай өзгерістер туралы хабардар етті: **ҚҚБ-ның валюталық секторы үшін T+1 және Ұлттық Банктің ноттарын орналастыру үшін T+2.**

II. Соңғы халықаралық үрдістерді ескере отырып, қолданыстағы ақша нарығының индикаторларына шолу бойынша ЕҚДБ таныстырылымы.

1. ЕҚДБ өкілдері біркүндік тәуекелсіз мөлшерлемелердің негізін қалайтын қағидаттарды таныстырды, сондай-ақ Үлкен жетілік (G7)

елдеріндегі осындай жұмыс топтарының біркүндік тәуекелсіз бенчмарктер құрудағы тәжірибесін ұсынды.

III. Отырыс қорытындысы бойынша тараптар төмендегілер жайында келісімге келді:

1. Жұмыс тобының қатысушылары арасындағы талқылау нәтижелері бойынша біркүндік тәуекелсіз бенчмарк рөліне ең жақсы кандидат ретінде TONIA бірауыздан таңдалды. Нарыққа қатысушылар арасында төмен сұранысқа ие болуына байланысты KIBOR/KIBID, KIMEAN және KazPrime индикаторлары әлеуетті тәуекелсіз бенчмарк тізімінен алып тасталды.
2. Қатысушылар келесі Отырысқа өзгерістердің (қандай да бір) негізді болып табылатынын талқылау және индекстің ашық әрі бәрін қамтитын анықтамасымен келісу үшін TONIA индексі бойынша есептеу әдіснамасына және анықтамасына одан әрі талдау жасау қажеттігімен келісті.

IV. Жұмыс тобының кезекті отырысын өткізу туралы.

1. Тараптар Жұмыс тобының келесі отырысын 2019 жылдың бірінші жартысында Алматы қаласында өткізуге келісті.
2. Кезекті Отырысты өткізудің нақты мерзімі мен орны қосымша келісіледі.